



ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Жаннан қымбат оларға ар. Мен жастарға сенемін. Мағжан

АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 42 (423) 21 қазан, 2021 жыл

Кез келген клубтың сайтын не болмаса әлеуметтік желідегі парақшасын ақтара қалсақ орыс тіліндегі мағлұматтар сайрап тұр. АА қазақ тілі өкінішке қарай мәртебесін жоғалтқан. Үйіткілді мәселені спорт шолушы Асқар Хамиденмен бірге ақтардық.

Асқар ХАМИДЕН, спорт шолушы:

ЕЛ СПОРТЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ ЖОҚ

Ерасыл ШӨРІБЕК

— Асеке, бірнеше жыл “Астана” футбол клубының медиа қызметінде жұмыс істедіңіз. Отандық футболдың қыр-сырын білесіз. Бүгінде аладоптың айналысындағы ақпараттың орыс тілінде берілетінін жиі байқап жүрміз. Жалпы бұқаралық сипатта басым футболдың өз тілімізге деген құрметі төмен деп ойламайсыз ба?

— Осы салада, яғни “Астана” футбол клубында 5 жылға жуық қызмет атқардым. Төңкеріс жасамасақ та көп нәрсені өзгертуге тырыстық. Жалпы тек футболда ғана емес Қазақстандағы кәсіби клубтардың дені орыс тілінде ақпарат таратады. Шыны керек ел спортында қазақ тіліне деген құрмет жоқ. Оны жасырудың қажеті шамалы. Біздің елдің бір кереметі ұлтына не болмаса нәсіліне қарап бөліп жармайды. Сондықтан басшылық қызметте кез келген ұлт өкілі отыра алады. Дегенмен біздің елдің “нанын” жеңедіктен тілге деген құрмет биік болуы тиіс. Барлығы біз ойлағандай емес. Құжаттардың өз өзге тілде жазылады. Мысалы, шетелдік ойыншылардың келісім-шарты ағылшын және орыс тілдерінде толтырылады. Одан бөлек ішкі чемпионаттардағы протоколдың өзінде қазақ тілін байқамайсыз. Қазір “Астана” футбол клубының баспасөз қызметіне нақты жауап бере алмаймын. Бірақ мен қызмет еткен жылдары барлық ақпарат 100 пайыз қазақ тілінде жарық көрді. Себебі 80 пайыз ақпараттың негізгі толығын орыс не ағылшын тілінде, футболшылар мен бапкерлер де орысша, ағылшынша сұхбат береді. Сондықтан кеп жағдайда біз жұмыс істеген уақытта басшылық бекітетін сұхбаттар мен ақпараттарды қазақшаға уақытылы аударып отырдық. Бүгінде көп клубтар келісім шартпен, яғни аудармашыламен жұмыс істейді. Спорттың терминін жалпы журналистиканың қыр-сырын білмегендіктен, ұсынған ақпараты мағынасын жоғалтады. Негізінен бізде көп клубтың басшылығы өздеріне,

футболшыларға ыңғайлы болуы үшін орыстың журналистік жұмысқа алуға тырысады. Ал қазақ тіліне көп жағдайда көңіл бөліп келмейді. Сондықтан бізге жалпы мемлекеттік деңгейде бұл жұмысты Қазақстан кәсіпқой лигасынан бастауы керек. Олар міндетті түрде қазақша ақпарат тарату туралы арнайы регламент енгізуі керек деп ойлаймын. Сол кезде еліміздегі футбол клубтарының басшылықтары ойланатын болады.

— Өңімізден салалық журналистика, оның ішінде спорт тақырыбында қалам тербейтін тілшілер кәсіби клубтарға жете алмай жатыр деген ойды байқап отырмын.

— Иә, шынында солай. — 5 жыл кәсіби клубта қызмет атқардыңыз. Жалпы клубтардағы медиа қызметкерлердің жағдайы біркелі деп ойламайсыз ба? — Бұл клубтың қаржылық деңгейіне, содан кейін басшылығына байланысты. Мысалы “Астананың” қаржылық әлеуеті өзге клубтардан жоғары болды. Соған сай жетістігі де жақсы. 6 жыл қатарынан ел чемпионы болып, Еурокубоқтық бөсекелердің топтық кезеңінде тұрақты қатысты. Шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік алдық. Сондықтан “Астана” футбол клубына тағар кіле жоқ. Ал өңірлердегі жағдай құбылмайды. Біреуінің жалақысы мардымсыз, біреуінде басшылық тарапынан қолдау жоқ. Сондықтан біркелі деп айта алмаймын.

— Отандық футболдағы пиар қызметі жеткілікті ме? — Жеткіліксіз. Ел клубтарының бір сыпырасына ғана көңілім толады. Өз жанкүйерлері мен футболшыларды байланыстыра отырып керемет дүниелерді ұсынып жүр. Клубтарға қаржылық жағдайды реттеу үшін пиардың маңызы ерекше. Пиардың нәтижесінде өз өнімнің бренд ретінде ұсына алатын “Қайрат” пен “Ақтөбені” ғана айтсақ болады. Қалған клубтар бұл мәселеде кемшін түсіп тұр.

— Жанарыс, жағдайыңыз қалай? Соңғы кезде университеттегі стартап жобалар жайлы жиі естіп жүрміз. Газет оқырмандарына айтар жаңалықтарыңыз бар ма?

— Басты жаңалық — Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде облыстағы жалғыз студенттік бизнес инкубатор «Business Start» жастар кәсіпкерлік орталығы жұмыс жасауда. 2017 жылдан бері орталық студенттердің кәсіпкерлік жобаларын үйлестіріп, дамытуға көмек беріп келеді. Қазір орталықта 35 білім алушы өз жобаларын дамыту үстінде. Орталықтың көмегімен студенттік жобаларға 56 миллион теңгеден астам инвестиция берілді.

— Стартап жобалардың бір баламасы мүмкіндік тәрізді. Өйткені студенттер үшін қолдау қашанда қажет. Айтыңызшы, жастарды қолдауға көңіліңіз тола ма?

— Қазір жастар кәсіпкерлігін қолдау бағытындағы мүмкіндік өте көп. Мемлекеттік бағдарламалар мен байқаулар, халықаралық және өңірлік гранттар жастардың кәсібін дамыту мақсатында беріледі. Мысалы «БДЖК-2025» бағдарламасы аясында облыс



Жанарыс ТҮБЕКБАЕВ, «Business Start» инновациялық жобаларды іске асыру орталығының басшысы:

«ИНКУБАЦИЯ 1.0» ЖОБАСЫ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Гүлдана ЖҰМАДИН

жастары үшін 2-5 миллион аралығындағы қолдайтын гранттар байқауы жүргізілуде. Одан бөлек ішкі саясат басқармасы және біздің орталықтың ұйымдастыруымен КХК-стартап облыстық жобалар байқауы өткізілді. Қазір орталық студенттер үшін «Инкубация 1.0» жобалар маусымын бастады. Маусым аясында жастар үшін кәсіпкерлік білімді дамыту, жобалық менеджмент пен инвестиция тарту жұмыстары жүргізіледі. Жалпы өңір жастары үшін кәсіп бастауға қолдай жағдай жасалған. Оған кеңес беруден бөлек, қаржылай қолдау және салықтық мораторийді жатқызуға болады. Бірақ бұл жайттың екінші жағы бар. Кәсіпкер болу — туа бітті пайда болатын қасиет. Барлық адамды жаппай кәсіпкер қылу — көп жағдайда олардың бәсекелестікке шыдамауына, масыл кәсіпкер болуына алып келеді.

— Қателеспесем, жыл сайын стартап жобалар іріктеледі. Жаңа идеялар нәтижесі қандай?

— Жыл сайын өткізілетін маусымдар мен байқаулар нәтижесінде жастар әр түрлі саладағы жобаларды жүзеге асырды. Жаңа идеялар көбіне стартапкерлердің жеке қасиеттеріне байланысты. Сол себептен біздің студенттер білім беру, қызмет көрсету саласында белсенді жұмыс жүргізуде. Бірақ аймақта жастардың дестүрлі кәсіпті таңдауы, инновациялық IT жобалар саны өзге өңірлерге қарағанда әлдеқайда төмен. Сол себепті біздің осы жылғы басты жоспарымыз IT жобаларды дамытуға арналады.

— Мүндай стартап жобалардың басы-қасында жүргеніңізге қанша уақыт болды? Өзіңіз де студент кезіңізде стартап жобаларға қызығушылық болған тәрізді...

— Кәсіпкерлік саласына келгеніме үш жыл болды. Бұл салаға қызығушылық менің қабырғасыма басталды. Сол кезден осы уақытқа дейін кәсіпкерлік саласын меңгеріп, қазіргі таңда медиа және білім саласында кәсіп жүргізудемін. Қазір басшылық етіп отырған екі жобам стартаптан басталды. Жеке қаражатсыз-ақ студенттік кезде алғашқы сатылым жасадым.

— Қазір жастарды «телефоннан бас алмайды, кітап оқымайды» деп кінәлап жатады. Ал сіз жастардың мүмкіндігін қалай бағалар едіңіз?

— Жастар кітап оқиды, ол қағаз болсын, электронды болсын, бастысы жастар білім алып келеді. Бірақ бұл қатардағы жастардың саны аз. Көбіне жастар кітап пен смартфонның мүмкіндігін түсініп, әрі толық пайдаланбайды. Бұл жағдай мені де алаңдатады. Қазір білімге де, жұмысқа да мүмкіндік өте көп, бірақ оны қолдана білетін жастар өте аз.

— Қай кезде де жаңа дүние қызығушылық тудырады. Сондықтан оқырмандар үшін алдағы жобалар жайлы да ой бөліссеніз... — Қазір біздің бизнес-инкубатор Astana Hub халықаралық технопаркмен тығыз байланыс орнатты. Серіктестік аясында IT және инновациялар саласындағы жобалар үшін өте көп мүмкіндік өзіндікпен. Сол мүмкіндіктерді жіберіп алмас үшін біздің @business.qorqut инстаграм парақшасына міндетті түрде тіркелген жөн.

— Сұхбатыңызға рақмет!



«АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫНДА» ЖАҢА РЕДАКТОР

«Сыр медиа» серіктестігіне қарасты облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы қызметіне Мөлдір Қалымбет тағайындалды.

Мөлдір Қалымбет Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін журналистика мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2014 жылы Қызылорда облыстық «Ақмешіт жастары» газетінде бастаған. 2016-2021 жылдар аралығында облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі қызметін атқарды. ҚР Журналистер одағының мүшесі. Облыс әкімінің белсенді жастарға табыстатын «Сыр үміті» сыйлығының иегері.

Қала әкімдігінің «Ұшқыр қалам» фестивалінде «Жас тілші» номинациясымен марапатталған. «Түркітілдес журналистер» қоры ұйымдастырған Стамбұл-Солтүстік Кипр Республикасындағы БАҚ өкілдеріне арналған ағылшын, түрік тілдерін оқыту курстарының, семинарларының қатысушысы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы халықаралық қысқы журналистика мектебінің куәлігімен марапатталған.

«ENGLISH FOR JASTAR»: ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ



Жобаның негізгі мақсаты – ауыл оқушыларының сапалы білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, ағылшын тілін оқытуға қызығушылық пен қатысуды арттыруға септігін тигізу. Мақсатты аудитория қалаға қарасты кент және ауыл мектептерінің 6,7,8,9 сынып оқушыларын қамтиды.

– Балаларға ағылшын тілін үйретуге бағытталған жоба ағылшын тілін меңгерген еріктілер арқылы жүзеге асты.

Еріктілерді іріктеу де оңай болмағаны анық. Мәселен ағылшын тілін білу Intermediate деңгейінен төмен болмауы, оған және қазақ тілдерін еркін меңгеруі, еріктілер қатарында, балалармен жұмыс істеуі, сол сияқты ұстаздық тәжірибелерінің

болуы талап етілді. Ең маңыздысы – ауылдық мектеп оқушыларының ағылшын тілін игеруіне көмектесуге деген зор ынтаның болуы», – дейді облыстық «Jas Otan» ЖІҚ кеңесшісі А.Қақманова.

Алғашында облыста 19 ерікті жобаға қатысуға ниет білдірген. Жобаға қатысушы еріктілер тестілеуден және сұхбаттаудан өтіп, нәтижесінде 10 ерікті іріктеліп таңдалған. Еріктілер 7 ауданға бөлініп, ағылшын тілі сабақтарын өтуге арнайы сынып пен оқу кестесі бекітілген. Оқыту нәтижесіне сәйкес 2018-2019 жылдары облыста 350 оқушының ағылшын тілінен «Pre-Intermediate» және «Elementary» деңгейлерін тегін үйренсе, биыл 100-ден астам оқушы білім алған.

Ауыл мектептеріндегі оқушылардың арасында ағылшын тілін білу деңгейін арттыру мақсатында «Jas Otan» Жастар Қанаты «Болашақ» қауымдастығымен бірлесіп «English for Jastar» жобасын іске асыруда.

Еріктілер жобаны жүзеге асыру барысында жаңашыл методикаларды пайдалану арқылы ағылшын тілі сабақтарын оқытуға әр күн сайын қызықты өткізуге барынша жұмыстар жүргізіліп отырды. Мұнымен қоса, ерікті оқытушылар мен оқушылар ZOOM платформасында Лондон қаласында білім алып жатқан «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты С.Абжановамен кездесті. Онлайн кездесу барысында С.Абжанова шет мемлекетте білім алудың тәжірибесімен бөлісіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, «English for Jastar» жобасының табысты жүзеге асуына ықпал жасаған ерікті оқытушылар арнайы алғыс хаттармен марапатталатын болады.

Тараз қаласында өткен «Көне Тараз күмбірі» II республикалық фольклорлық ансамбльдер байқауында «Дидар» халықтық фольклорлы-этнографиялық ансамблі жүлделі III орын иеленді. Салтанатты шара Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай ұйымдастырылды. Байқауға өліміздің түпкір-түпкірінен 20-ға жуық өнер ансамблі қатысты.



«ДИДАР» – ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

– Байқау арқылы ұмыт болып бара жатқан бабалар мұрасы қайта жаңғырып, этно-фольклорлық ұжымдардың шығармашылық қарым-қатынасы нығаяды деп білеміз. Біздің ансамбль соңғы рет 2019 жылы Түркия және Әзербайжан қалаларында Тұрмағанбет оркестрінің құрамында өнер көрсетті. Карантиннен кейін өнер

додасына қайта оралдық. Бұл байқау бізге үлкен тәжірибе берді, – деді ансамбльдің көркемдік жетекшісі Мүсілім Әмізе. «Дидар» халықтық фольклорлы – этнографиялық ансамблі 2000 жылы наурыз айында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанынан құрылды. Өнер ұжымының

бағдарламасында халық ән-күй, термелері, қазақ халық композиторларының шығармалары мен шетел шығармалары да қамтылған. Ансамбльдің құрамында Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түпкелері өнер көрсетеді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында және қала күні мерекесіне орай А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде балалар арасында «Қызылорда – менің көзіммен» атты қалалық жас суретшілер байқауы өтті.

ҚЫЗЫЛОРДА – МЕНІҢ КӨЗІММЕН



Қала сұлулығын, көшелердің көркемдігін көрсетіп, екі асырдан астам тарихын дәріптеуді мақсат еткен байқауға 60-қа жуық талапкер қатысты. Балалар жас ерекшелігіне байланысты екі топқа бөлінді. Жас қылқалам шеберлеріне мәдениет үйінің қосымша білім беру орталығының маманы Дархан Ерленұлы, суретші, сазгер Жарықасын Оразұлов және кәсіпорынның көркемдік жетекшісі, ақын

Ұлықбек Бекұзақлы қазылық етті. Нәтижесінде кіші топ – 6-9 жас аралығында жүлделі 3-орынды Айғаным Өнұарбек, 2-орынды Жаная Еркебуланқызы иеленсе, Әмина Мейіржанқызы 1-орын алып, үздік деп танылды. Үлкен топ санаты – 10-15 жас аралығында Алиям Сарттаева, Зере Ибрагимова, Адия Құдайбергенова 3-орын иегерлері атанды. Анель Айдарбек және Еңлік

Оразова 2-орын алса, аяқан шеберлік танықтан Махаббат Жармахан 1-орынды еншіледі. Сондай-ақ, ерекше шығармасы үшін Ақжанат Қуаныш «Ғажайып палитра» номинациясымен, Рысәулет Амирбеков «Симподы қалам» номинациясымен марапатталды. Байқауға қатысқан барлық балаларға арнайы алғыс хаттар мен бағаны сыйлықтар табысты.

Шиелі ауданы, Талаптан ауылдық округінде қазақ күресінен 2007-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында ауданаралық турнир өтті.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ТУРНИР ӨТТІ



Турнир Қызыл Ту орденінің иегері Базарбай Орынбайұлын еске алуға арналды. Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Алмасбек Есмаханов жас

палуандарға сәттілік тіледі. Турнирге 10 салмақ дәрежесі бойынша 250-ге жуық палуан қатысты. Атап айтсақ, Түркістан, Ақтөбе, Қызылорда облысының палуандары

оза шауып, жауырыны шауып тимеді. Жарыс соңында жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталып, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

DARHAN DALA



Қорқыт Ата Атындағы Қызылорда университеті Археология және этнография ғылыми орталығы, Тарих және Қазақстан халқы ассамблеясы және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Қызылорда облысы Жастар ісі секторының ұйымдастырумен «DARHAN DALA» жобасы аясында ортағасырлық Сығанақ қаласында танымдық экскурсия өткізілді.

Сыр бойындағы ірі қалалардың бірі Сығанақ қаласы – Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы. Сұнақ ата ауылының жанында орналасқан ірі археологиялық кешен. Ортағасырлық жазба деректерде Қыпшақ хандығы одан кейінгі Қазақ хандығының экономикалық, саяси астанасы болған қала. 2003 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі аралықта Ходжа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-түрік университеті тарапынан қазба жұмыстары жүргізіліп келеді.

Тарихи танымдық экскурсия барысында Сұнақ ата кесенесіне тағамы етіліп, құран оқытылып, жанындағы қайта қалпына келтірілген

мешітті аралады. Ходжа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-түрік университеті «Археология» ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкері Б.Саздықов және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Археология және этнография ғылыми орталығы ғылыми қызметкері И.Құрманғазы Сығанақ қаласында ашылған нысан құрылыстарын таныстырып, қаланың археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері мен болашағы жайлы сөз өрбітті.

Экскурсия жұмыстары біткен соң «Сығанақ қаласының тарихы» тақырыбында интеллектуалды квест ойыны өтті. Ойынға

Тарих және Қазақстан халқы ассамблеясы федерациясының археолог мамандығында оқытын студенттер, Қызылорда қаласының Мұсірәлі Ата мешіті және Сырдария Нұр мешітінің қызметкерлері қатысты. Ойын тартысты қызықты өтті, нәтижесінде бірінші орынды университет студенттері жеңіп алды.

Сығанақ қаласына жасалған сапар жастардың тарихи санасын оятып, елің, жерің сүюге, отаныңды шіркеуіңе тәрбиелеуге үндеді. Алдағы уақытта да облыс аумағындағы тарихи мәдени нысандарға сапар шегу жоспарланған.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жаңақорған ауданы Байкенже ауылдық округ әкімі аппаратының жастар ісі жөніндегі маманы ауылдық үшкелік полиция қызметкерімен бірге құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ауыл жастарына ҚР-сы ҚК, ӘҚБтК-нің баптары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Кезекшілік барысында жастарға түнгі беймезгіл уақытта жүруіне тыйым салынуы және қылмыстың алдын алу шараларына атсалысу керектігі жайлы ескертілді. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ерліп жүруіне түнгі уақытта ойын-сауық мекемелеріне немесе тұрғынжайдан тыс жерге бармау керектігі айтылды. Ауылдағы ойын-сауық мекемелері мен дүкендерге құқық бұзушылық туралы жадынаңа паразы таратылды. Сондай-ақ бірлескен іс-шара жоспары және Жаңақорған аудан әкімдігі

жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөнінде комиссия отырысының шешімі аясында жастар мен жасөспірімдердің құқық бұзушылығы мен қылмыстылығының алдын алу жұмыстары жалғасын табуы. Түнгі рейд жұмыстарына аудандық полиция бөлімінің инспекторы Н. Кенжебаев, Жастар ресурстық орталығының директоры Н.Орынбасаров, әдіскер маман С. Бигалиева, Жаңақорған кенті әкімі аппаратының қызметкері Б. Атахожаев, №56 орта

мектебінің мұғалімі А. Изатуллаев қатысты. Олар халық орталығында орналасқан жастар арасында шіеленіс жиі орын алатын аймақтарда «Нұр-Ар», «New Castle», «Danone», «Астана» мейрамханалары мен «Арена» Р54 ойын-сауық клубтарының әкімшілеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бекітілген іс-шара жоспарымен таныстырып, заң аясында жұмыс жасау керектігі ескертілді. Сонымен қатар кәсіпкерлік нысанның әкімшілеріне жергілікті аумаққа жауапты үшкелік полицияның қылмыстық құралдары ұсынылды.

Қазақ тарихында мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, публицист, кешегі еңселі ел болудың алғашқы қадамдарын жасаған және сол жолда жанын пайда өткен мұраттас, идеялас азаматтардың басын қосқан Алаш партиясының көсемі Әлихан Бөкейханның есімі ерекше құрметпен айтылады. Біздің бүгінгі ордалы 30 жылдығын атап өтірік Тәуелсіз Қазақстанымыз үшін кешегі күнлі ұлы өркеніміз кешіне дербес мемлекет болып қосылу қаншалықты қымбат болса, халықтың азаттық арманына жеткен бүгінгідей байырқылы да бөректі күнінде бейбіт танның баяндылығын тілеу, Тәуелсіздікті ұстап қалу және көзіміздің қарашығындай қорғау соншалықты қымбат деп сеніммен айтамыз. Біздің бұдан әрі қарай да жарқын болашаққа, кемел келешекке ұмтылған ұлы жоспарларымыз Ұлы тарихтан тағылым алуға, Әлихандай ұлт көсемінің идеясын жаңа буын – жас ұрпақ есінде дүркін-дүркін жаңғыртып отыруға жетелейді.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың мына бір сөзі біздің бұл ойымызды нақтылай түседі: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу – отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде Алаш партиясының жетекшілері ұсынған қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр».

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның 155 жылдығы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келді. Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі комиссияның бірінші отырысында-ақ мерейтойлық жылдағы мұндай мерейтойлық іс-шаралар ел өміріне рухани серпіліс болуға тиіс деді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының сөзімен айтсақ: «Ол – халқымыздың біртұар перзенті. Алаш қозғалысының негізін қалаушы. XX ғасыр басында Әлихан бастаған қазақ зиялылары ұлттық мүдде жолында аянбай еңбек етіп, мемлекетшілдіктің озық үлгісін көрсетті».

Әлиханнаның ғалым Жүсіп Сұлтанхан Әлихан Нұрмұхаммедұлы ағамыз тарихында сирек кездесетін тұлға деп есептейді. Тұған халқына шын мағынасында кіршіксіз қызмет етуі оны осындай биік дәрежеге көтерді. Заманында ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров көреген көсем Әлихан жайында:

«Заманда бастан-аяқ кейін кеткен, Жасымай Алашына қызмет еткен. Болса да қалаң тұман, қараңғы түн, Туатын бақ жұлдызға көзі жеткен. Түймеге жарқылдаған алданбаған, Басқадай бір басы үшін жалданбаған. «Қайткенде Алаш көркейер» деген ойдан Басқа ойды өмірінде алданбаған» – деп жырлаған екен. Азаттық жолында қиян-кескі күресте үзгенісіз ері адал досы болған алаштың аяулы ұлы Ахмет Байтұрсынұлы: «Қырағы, қиян жазбас сұңқарым-ай, Жақымас қашық жолға тұлпарым-ай! Үйілген өлекесің өрге сүйреп, Шығармақ қыр басына іңкәрім-ай!» – деп жүрек тебірентер жырын арнаған. «Қарағым, жалғызымсың қазаттағы, Ұл тұмақ сендей болып аз-ақ тағы. Өгіз өліп, болмаса арба сынып, Өмірің өткен жансың азаптағы. Бал тамған, ханзадам-ай, қаламыңнан, Төңірім айырмасын талабыңнан!» – деген ақын Кәкітай Жанатайұлының Әлиханға айтқаны да кенілдене сәулесі бар кісіні бей-жай қалдырмасы анық. Ақынның «бал тамған, ханзадам-ай, қаламыңнан» деуі тегін емес. Әлихан Нұрмұхаммедұлы – Шыңғыс ханның Жошыдан тарайтын 23-інші ұрпағы, төре тұқымынан. Арғы атасы – Барақ Сұлтан. Қазақтың соңғы хандарының бірі – Бөкей – осы Барақ сұлтанның баласы. Өрине ақ киізге хан көтерер заманы өтіп кетті. Алайда



қазақтың үш Жүзге бөлініп, бытырауы, ымыраға келе алмауы орыс империясының отаршылдығына душар еткенін жан-тәнімен сезген Әлихан Бөкейхан: «Тірі болсаң, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп өз-өзіне серт берді және ақырғы демі біткенше халыққа қызмет қыла берген уәдесіне адал болды.

Әлихан Бөкейхан 1866 жылдың 25 наурызында бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының жетінші ауылында дүниеге келген. Әлиханнның әкесі Нұрмұхаммед те, анасы Бегім ханым да көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты адамдар болған. Тегіне қарамастан өте кішіпейіл жандар болған. Әкесі ит жүгіртті, құс салған – кедей адам. Егін еккен, дйрмен тартқан, азын-аулақ малы болған, балаларын оқытқан. Анасы – кестеші, оюшы, сызушы, тігін машинасы жоқ кездің өзінде қолмен киім тіккен. Қайырымдылығы сол, өзінен нашарлардың киімін тігіп берген. Өмірде мұсылманша қара танытын етті, ширақ, еті тірі ерлі-зайыптылар балаларын оқытуға күш салған.

Әлихан жасынан зерек болып өседі. Жергілікті молданың оқуынан кейін, Семейдегі үш сыныпты бастауыш мектепте, одан соң Қарқаралыдағы оқу бабаларына арналған мектепте жеті жыл оқыған. 1886 жылы Омбыдағы төрт жылдық техникалық училищесіне, одан кейін Санкт-Петербург қаласындағы Орман шаруашылығы институтының экономика факультетінде білім алады. Төтенше емтихан тапсырып оқыған, заңгер деген де дипломы бар. Оқудан кейін Омбы қаласына оралып, орман шаруашылығы институтында математика пәнінен сабақ береді. Сол жылдары «Степной край» газетінің редакция алқасына кіреді. Ол қазақтың сиыр, қой және жылқы шаруашылығы туралы іргелі зерттеулерді ғана емес, тарих, этнография, әдебиет пен фольклорға арналған жүздеген мақала жазды. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» сынды халық ауыз әдебиетінің бірнеше үлгісін жинақтап, баспадан шығарды. 1916 жылдан бастап елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласды. Орынборда қазақ тұрғындары атынан қалалық дұмаға сайланады. 1917 жылдың желтоқсанында бүкіл қазақтардың алғашқы құрылтайында Қазақ автономиясы жарияланып,

соның тұңғыш төрағасы болып сайланады. 1937 жылы Әлихан Бөкейхан жалған айып табылып, Мәскеуде өлім жазасына кесіледі, үкім сол-құн-ақ жүзеге асырылды. Аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым Әлихан Бөкейханның артында қалған 15 томдық еңбегін парақтап отырып, оны тіпті күндіз-түні ұйықтамаған адам ба деп қаласыз. Қазақ, орыс тілдерінде өте сауатты, кәсіби жазылған мақалалары бүгінде жан-жақты терең талдамалы зерттеу еңбектеріне арқау болып отырғанын да айта кеткіміз керек.

Әлиханнның туған інісі Смахан төреші естеліктерінде жазылғанындай, ол халықты бай-кедей деп жікке бөлмеген, руы мен жүзіне қарап жатсынбаған. «... қазақтың аталы ауылының ұрлық-зорлықшылығын жек көретін, бірақ қазақтың кедейін азғырып, байымен партия құруды ұят көретін. Қазақтың оқыған азаматтары байшылы, пара алғаш, баймен құда болғышын Өлеңек тәуір көрмейтін... Өлеңекнің мінезі – еш қақпамен арабын демеитін, қастық қылмайтын, жек көретін адаммен амандастайтын, сойлеспейтін. Қазақтың еш нәресін алмайтын. Өлгенде 2,5 кез жер керек» дейтін жолдар оның жан-дүниесінің тазалығын хабар береді. «Кейінгілер ғибрат аларлық ұлт тастап кетіп, алғыс алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп, қарғы-лағын алмамыз ба? Кеудесінде көз бар адам ойланарлық жұмыс» деп өзі жазғанындай, Әлихан идеясы бүгінгі қазаққа несімен құнды деген сұраққа жауап іздейік.

Әлихан және оның идеялары әзірлеген Алаш партиясының бағдарламасының жобасы 10 пункттен тұрды: I. Мемлекет қалпы II. Жергілікті бостандық III. Негізгі құқық IV. Діні ісі V. Билік нем сот VI. Ел қорғау VII. Салық VIII. Жұмысшылар IX. Ғылым-білім үйрету X. Жер мәселесі Мемлекеттің негізгі тұтқасын ұстайтын осы міндеттер бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Егер біз үйренішкі: «Әлихан бастаған зиялылар тобы тұңғыш Алаш партиясын құрды. Алашорда ұлттық-территориялық автономиясын жариялап, қазіргі тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қалап кетті» деп сонау алаш қайраткерлерін зерттеп бастаған 90 жылдардан бері

қарай үзілмей айтылып-жазылып келе жатқан осы жауаппен шектелетін болсақ және осы арқылы тарихқа баға бердік деп есептесек, өте үстірт болар еді.

«Қыр халқы... ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге кеңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйректеріне берген ақыл-санасы болған соң, сол... заманда болған балаларымыз бізден ақылды болып, біздің заманымыздағы аталарымыздың қылғандарын көріп таң қалар я ойламай қатырар» деп өз жазып кеткеніндей, таң қалатындардың дәуірі өтіп, ойламай қатыратындардың заманы келді ме деп те қамығатынымыз да рас. «... Арызқор кедей бағанадан босағада отыр еді, арыз айтатын уақыт болды ғой деп сорлы қуанып, еңбектеп, төрге таман жылжыды. Болысқа жақындап, төмен қарап, болыстың бетіне тік қарауға бата алмай, арызын айта бастады. Айтты отырғанда аз уақыттан соң... кедей басын көтеріп қараса, маңайына қаранып, бір іскер қайран қалыпты: қараса, алдындағы болысы ұйықтап жатыр дейді» деген Әлиханнның «Ықтиятты болыс» әңгімесіндегі осы бір жолдар кешегі өткен заманның болысын келеке етіп отыр десек қателесер едік, бұл бүгінгі ел ісіне араласып жүрген жастардың есінде жүрер есті болса керек.

«... Кассаның ақшасы – халық ақшасы. Кассаның ұстауы бойынша бұл ақша беріледі кедейге екі тамаққа – ашаршылықта һәм гайри қазақтарға жұттан һәм дерттен шаруасы күйзелсе. Бұл ақшаны бөтен жаққа ұстаған соң, «Халыққа пайда қыламыз» деп халықты тонауға көп қойған құдыққа түкірменді. Мырзалар! Дем атар! Халықты тонамаңыз...» деген жолдар бүгінгі біздің жемқорлықпен күреске әділ баға беріп тұр және мемлекет қазынасын көздің қарашығындай қорғауға шақырады.

«Қазақ жерінде мал бақпаса, пайда бермейтін көп жер бар. Жақсы жерді мұжық алған соң, қазақ мал жерінен қысылған соң, бұл малдың жері деп қазақ пайдасына қалдырған жер кескен, кесілмеген... статьялар пайда беретін болып тұр, бұл

жерлерді мал бағамын деп сұраушы бар.

«Қазақ жеріне телмірген, жерге еңбек сіңірмей, мал бақпай, егін салмай, құр жер менікі қылып ат қойып, жерді еміп отырмақ болған жетім ұлықтар бар. Бұлар қазақ жеріне мал бағамын, мұжық пен қазаққа өнер үйретемін деп әуелі аренда, мұнан кейін мүлде өзінкі қылып алмақ» деген Әлиханнның сөзі кешегі жер мәселесіне қатысты мемлекеттің жер сатылмайды және шетелдіктерге жалға берілмейді деген шешімнің дұрыстығын тағы бір мәрте еске салып тұрғандай.

«Қазақтың қай бір облысында өткен сайлауда орысша хат білмейтін кісі болыс болмайды деп, қазақтың бұрыннан болыс болып жүрген қадірлі кісісін жолда қалдырды. Қазақ болысы орысша хат білсін, орысша хат білмесе тасқа түсуге жарамайды деген закон бүгінге дейін жоқ. Сөзін адам тындамайтын, халыққа қадірсіз... жастар «мен орысша білемін» деп болыс бола қалды.

Бұл жас болыстың бұрынғы бұралық болыстан несі артық?..

«Халық пайдасын білетін, жер, жол көрген, әділ кісі, жұрт сөзін тындап, құрметтеген кісі болыс болатын жер бар ғой!»

Орысша хат білу тілмәштарға құл болмас үшін ғана керек қой!» деп жазды Әлихан Нұрмұхаммедұлы. Тәуелсіз Қазақстанның бақытын баяндай ету жолында қызмет қылар кәсіби маман қандай болу керек деген сұраққа бұдан артық жауап болмас.

«Қалам алған кісінің бәрі хатшы бола ма? Сөйлеген кісінің бәрі шешен бола ма? «Іс ұстадан қорқады», «Политика» тамырын ұстауға құр қара-ала қағаз танығаннан басқа да ұсталық мақсат емес пе?» дейді және бірде ұлт көсемі. «Сонау қырдан талпынып, алты-жеті жыл оқу қуалап, Қазақ, Уфа, Орынбург, Тройск барған талапкер балалар, екінші бірі бос қазақ емес қой! Жігіттің бар, жігіті аз қазақ жұртына осы жігері балаларды жүдетпей, оқуын бітіруге жинақ қылып, ақша жиып, әр ел өз шеңберіне беретін жөні бар ғой!»

Ұлттың, жұртына қызмет қылу білімінен емес, міндеттен... Неше тұрпалды қазақ мінезі бұзық орысша, мұсылманша хат білетіндерінен көріп жүр. Бұлар өзге қазақтан білімді, білімінен жақсы мінез шықса, бұл қалай?» деп жазды.

Бұл біздің мемлекетіміздің Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап «Болашақ» бағдарламасымен жастарды шетелдерде оқытуы жөн болғанын және соның жемісін мінезі жақсы қазақ балаларынан көрінісінін айқындап тұр. Осындай жастардың алды жоғары лауазымды қызметті абыройлы атқарып жүргенін де ел жақсы біледі.

Жалпы алғанда, қоғамның барлық саласында қалам тербеген жеті соң ой-пікірлерін мақала етіп жазып, сол тұстағы мерзімді басылмаларда, әсіресе өзі негізін қалаған «Қазақ» газетінде үзбей жариялап, ел болып, еңсе көтерудің жолдарын барынша қағазға түсірген және әрбір сөзін өрнектеніп уағдат отырған қайраткердің асыл мұраты бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның алдында жарқыраған аспалы шамдай, жоқ көрсетіп тұра беретіні даусыз.

Аңдатпа: Бұл мақалада аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның идеялары мен бүгінгі Қазақстанның даму перспективасы салыстырыла талданады.

Гүлжанат АБДУЛЛАЕВА

Бүгінгі күні тіс ауруы өзекті мәселеге айналды. Сәбәбі тіс дәрігерін іздеп, жақсы маманға жолуға асығып жүргендер қатары көп. Оның үстіне емдету қаржысы қалтаны қағары. Сосын қолды бір сілтеп, кейінге ысырып жүргеніңіз. Десе де «денсаулық – басты байлық» дегенді ұстаным еткен абзал. Тіс жөндөту қаншалықты қымбат болса, тісіңіз ауырғандағы сәт соншалықты қиын. Сондықтан ауырмай тұрып, тіс дәрігерінің қабылдауына барып, тісіңізді толық тексеруден өткізген жөн. Біз тіс жөндөудің неге қымбат болатынын, тіс күтімін қалай жүргізу керекін арнайы маманнан сұрап білдік. Нұрдаулет Алмасұлы – Жаңақорған ауданы, Сүттіқұдық ауылының тумасы. Алматы қаласындағы С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінде стоматология мамандығында білім алған. Алматы қаласындағы «Рахат» медицина орталығында жұмыс істеген. 2019 жылдан бері қаладағы «Муслимент» клиникасында жұмыс істейді.

Нұрдаулет АЛМАСҰЛЫ, тіс дәрігері:

ТІС АУЫРМАС ҮШІН ТАЗА ҰСТА



– Өңгімімізді тіс күтімінен бастайықшы...

– Тіс күтімі негізгі тіс шыққаннан басталуы керек, анасы бала тамақтанғаннан кейін ауыз қуысын таза дөкемен сүртіп отыруы қажет, 3-4 жастан бастап баланың өзіне тіс щеткасымен жууды үйреткені дұрыс болады. Тіс тазалауды күнделікті 2 рет таңертең астан кейін және түнде ұйықтар алдында жүргізген дұрыс, тіс тазалау уақыты кемінде 2-3 минут болуы керек, астан кейін көкөністерді көбірек пайдалануды тісін өзіндік тазалануына көмектеседі.

– Жиі кездесетін тіс аурулары қандай?

Ең жиі кездесетін тіс жегі (кариес) асқынұлары, ұлпаның (нерв) қабынуы. – **Тіс емдеу неге қымбат? Өлде дәрілері қымбат тұра ма?** Дұрыс айтасыз. Тіс емдетуге көптенде бағаны қымбаттатынатындар бар, дегенмен де тіс емдеуден қашпаған дұрыс. Дәрігерлер алдымен тісті тексеріп, бақылаудан өткізіп, қаншалықты материал керекті біліп барып, бағасын айтады. Өзіне бірінші кезекте қолданылатын

материалдардың бағасының жоғары болуына, көп бөлігі шет елден келетіндігін назарға алған жөн. Сосын дәрігердің біліктілігіне, клиниканың статусына байланысты.

– Стоматологиялық емді кімдер тегін алады?

– Тіс емдету белгілі бір санаттағыларға тегін жүргізіледі. Мәселен, жұкті әйелдерге, 18 жасқа дейінгі балаларға жоспарлы, зейнеткерлерге, 1,2,3 топ мүгедектеріне жедел стоматологиялық көмек көрсетеледі.

– Тіс ауруын қалай басады?

– Көбіне тіс ауырған кезде басылады ғой деген түсінікпен уақыт созып жүре беретіміз бар. Оның үстіне тіс ауруын басатын таблеткаларға сенім артып, дәрігерге көрсетпей жүріп аламыз. Таблеткалар тіс ауырғанын уақытша қулаң таза емдемейді ғой. Сондықтан қандай жағдайда да дәрігердің көмегіне жүгінген абзал. Ауырғанды басатын таблеткалар ішуге болады, бірақ аралығы кемінде 6 сағат болуы керек. Сондай-ақ тіс дәрігерінің қабылдауынан бұрын ішпеген дұрыс.

– Үй жағдайда ем жасауға болады ма?

– Емді өз бетімен жасамаған дұрыс, дәрігердің қабылдауынан кейін арнайы ұсынылған емдік шаралар жасалуы керек.

– Ауыздың ұштыуын қалай емдеуге болады?

– Ауыздың ұштыуы (стоматит) кәзіргі балалар жасында өте көп кездеседі, оның себептері көп, нақты диагнозы қойылған соң, арнайы ем тағайындалады.

– “Ұры тіс” деп жатамыз. Оны жұлдыртуға болады ма?

– Ұры тісті бірінші кезекте тіс қатарындағы тістермен шатастырмау керек, көп жағдайда пациенттер сүйір тісті ұры тіс деп ойлап жұлдыртып тастайды, сосын тіс қатарының қысқалығы, жымыған кезде күлкінің өзгеруі болуы мүмкін, сондықтан дәрігердің қабылдауына келгені дұрыс.

– Баланың тісі мықты болу үшін жүктілік кезден бастап күту керек дегенді...

– Ия, өрине, баланың тісінің мықты болуы ананың құрсағында жатқан кезден бастап, жүктіліктің 6-7 аптасында жақ сүйек, тістердің қалыптасуы жүреді, сол кезеңде тұмауартудан, артық дәрілік заттарды қолданудан аулақ болған жөн.


– Жүкті әйел тісін қалай күту керек?

– Негізгі жүктілікті жоспарлаған кезде, бала көтермей тұрып, ауыз қуысына санация жасалуы керек. тістері емден, жұптыңатын тістері алып тастағаны дұрыс.

– Сұхбаттыңыз рақмет!

Мәлдір САБЫРЖАН

СУ ШЕМЕНІ ЖАЙҒАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



“ВОДЯНКА” ДЕГЕН НЕ?

«Бір баласы бардың – шығар-шықпас жаны бар, екі баласы бардың – өлте, бауыр, жалы бар, үш баласы бардың Бұқарада бұты бар, Хорасанда қолы бар» деп халқымыз ұрпақтың өсіп-өнуіне, көбейіп-өрбуіне ден қойған. Шаңырақ көтерген жастардан сүйішкі хабар күтеді. Алайда кейбір жұптардың бала сүйе алмауына, ерінші бала күнінде су шеменимен ауырғаны себеп болуы мүмкін. Себебі нәрестеде туа бітті пайда болатын водянка яғни гидроцеле су шемени дерті туралы жиі естісек те, оның себеп салдарына мән бере бермейміз. Гидроцеле қазақша айтқанда су шемени аталық безбен ұрық бауының қабығына судың жиналуы. Гидроцеле гректің Hydrocele сөзінен аударғанда

су және жарық деген мағынаны білдіреді. Қабаттардың арасына сарысулы сұйықтықтың жиналуы себебінен туындайтын аталық без шемени. Бұл жаңа туған сәбилерде жиі кездеседі. Сәбидің ананың құрсағында дамуы кезінде аталық бездер ұрықтың іш қуысынан түтік арқылы ұмаға түседі. Осы түтік жабылмаса, гидроцеле пайда болады. Ол арқылы сұйықтық іш қуысынан ұмаға ағады. Бұл оның ісінуіне апараты. Көбінесе бұл ауру туғаннан кейін бірнеше айдан кейін білінеді. Кейде ауру шаптың жарығымен қоса пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ аталық бездің маңында қалыпты сұйықтықтың жиналуы, ағзада сұйықтықтың іркілуінен де болады.



АУЫРСА АНА, ЗИЯН ШЕГЕР БАЛА

Аталық бездің тамшысын емдеу қажеттілігі баланың ауру себебіне тікелей байланысты. Жалпы гидроцеледің дамуына әсер ететін факторларды патология түріне байланысты екі үлкен топқа бөледі. Туа біткен гидроцеле жүктілік кезінде анасыңдағы түрлі жұпталы аурулардың салдарынан болуы мүмкін. Қала тұрғыны Айнұр, жүктілік кезінде тұмаумен ауырғанын, салдарынан баласының су шеменине шалдыққанын айтты. Баланың сырқатын дер кезінде аңғарып дәрігерге қаралған.

ата-ананың ойына келмейді ғой. Ойын баласы бір күні үйге жылап келді. Қарасақ оң жақ ұрықшасы ісін кетті. Деруе жедел-жәрдем шақырып дәрігерге жеттік. Ота жасап алып тастады. Бұл ауру туралы сол кезде білдім». – дегенді ол. Расымен көптеген аналар туу жарғақты, нәрестенің мерзімінен бұрын босануы, даму аномалиялары балаға аса қауіпті емес деп ойлайды. Дегенмен іш қабырғасының ту біткен ақаулары, урогенитальды сфера мен жамбас мүшелерінің ақаулары аталмыш ауруды тудыруы мүмкін.



ҰЛЫМ ҰРПАҚТЫ БОЛСЫН ДЕСЕҢІЗ

Аурудың алдын алуға болады. Ол үшін бала сүюді жоспарлаған ана жүктілікке дейін денсаулығын тексеріп, емделгені дұрыс. Себебі жүктілікті жоспарлау және басқару кезінде болашақ ана денсаулығын мұқият бақылап, жұпталы және қабыну ауруларын уақытында жояды. Жаңа туған нәрестеде бір немесе екі ұрықтың тамшысының дамуын болдырмау үшін нәрестенің жыныс мүшелерін үнемі тексеріп отыру және оларға дұрыс күтім жасау қажет. Гипотермия мен қызанқтың қызып кетуін болдырмау, балаларға инфекциядан сақтану үшін жеке гигиена ережелерін үйрету, нәрестелерде семіздіктің дамуына жол бермеу керек. Баланың дені сау, тиісті физикалық белсенді болуын бақылауға алған жөн.

Гидроцеледің туа біткен түрімен бала толық қалпына келгенше немесе операцияға дейін урологтың хирургтың тұрақты бақылауында болуы керек. Аталық бездің түсуі – ерлер беделінің тудыруы мүмкін аурудың бірі. Шаңырақты нұрға бөлеп, ерлі-зайыптылардың арасындағы сүйіспеншілік пен махаббаттың бәкі тусуіне себеп болатын бірден-бір дәнекер – бала. Сондықтан халқымыз ұрпақтың өркен жайып, өсіп-өнуіне ерекше мән берген. Жас жұбайларға «көген кездерін оңшақты болсын, көгендерін бұшақты болсын» деп бата беруі де тегін емес. Ұлттың болашағы дені сау ана мен балаға тәуелді. Аналар ауырмасын, балалар көбейсін!

Гүлбану МАҚАЖАН



Аурудың негізгі белгілері аталық бездердің ауырсынбай ісінуі, олар сулы шар секілді көрінеді. Гидроцеле біржақты немесе екіжақты да болады. Бір жастан асқан баланы хирург немесе уролог дәрігерге қарату қажет. Дәрігер медициналық тексеру жүргізгенде, ісінген, бірақ басқанда ауырмайтын ұманы байқайды. Көпшілік жағдайда сұйықтық жиналуына байланысты дәрігердің аталық безді басып байқауына мүмкіндік болмайды. Ұманың сұйықтыққа толы өлшемі ішті немесе ұманы басқанда үлкейіп, азабы ықтимал. Егер осы кезде ұманың өлшемі өзгеретін болса, бұл шаптың жарығы болуы мүмкін. Су жиналғанын ісінген аумаққа фонарьдың жарығын

ДӘРІГЕР НЕ ДЕЙДІ?

түсіріп жеңіл анықтауға болады. Егер ұма мөлдір сұйықтыққа толы болса, ол жарықты өткізеді. Аурудың диагнозын нақтылау үшін ультра дыбыстық зерттеу (УЗИ) жасау қажет болуы мүмкін.

– Балада туа біті болатын патология. Ұрықтық даму кезінде аталық безі ішкі қуыс арқылы жоғарыдан төмен түседі. Жұмыртқа жүрген жол түспей қалған соң, ол жерге су жиналады. Көп жағдайда бір жасқа дейін өзіңнен бітеліп кетеді. Бітелмесе, есепке алынып, операция жасалады. Балаларға ең көп жасалатын ота. Көпшілік жағдайда гидроцеле күйіледі. Ол тек инфекция қосарласа немесе жайсыздық пайда болса ғана емделеді. Шаптың жарығы кезіндегі гидроцелені тезірек оперативтік жолмен емдеу қажет. Егер ауру бірнеше айдан кейін өтпесе, хирургиялық емдеу қажет болуы мүмкін. Мәселен жою үшін гидроцелектомия (ұманың қабықшасын алып тастау) атты ота жасалады. Дренаж жасау тиімсіз, себебі, сұйықтық қайтадан жиналады, – дейді облыстық балалар ауруханасының уролог дәрігері Әлімжан Шағымбекұлы. Баланыңда ауру белгілері болса, дәрігерге көрінуі қажет. Бұл аталық бездердің ісінуін тыңдататын басқа аурулардың алдын алады. Ұмадағы немесе аталық бездегі ауырсынуды шұғыл медициналық көмекті қажет етеді. Егер баланыңда ауырсынуды болса және ұманың өлшемі ұлғайса, аталық безді жоғалтуды болдырмау үшін, шұғыл түрде медициналық көмекке жүгіну қажет.



– Гүлбану, сәлеметсіз бе? Қалалық полиция басқармасынан хабарласып тұрмын. Ішке келіп кеткіңізші?
– Тыныштық па?
– Сол жағалауда бір автокөліктен сіздің саусақ іздеріңіз табылыпты. Келіп түсінік беріп кетсеңіз.
Тергеушімен болған осы диалог жайбырақат тыныштықта мақала жазып отырған маған қатты әсер етті. «Бұлары несі, әуелі істі толық зерттеп алмай ма? Баланы сабақтан алар уақытта әуре болатын болдым ғой» деп ашуға бұлынып тергеушіге бардым. Темір қоршаудан, арнайы күзеттің тексеруінен өтіп ішке кірдім. Тергеуші оқиғаны түсіндірді. Сол жағалауда автотұрақта тұрған бір автокөліктің дөңгелегінің дискісі ұрланған. Сол көліктің тексеру кезінде, менің саусақ іздерім анықталыпты.

– Айналайндар-ау, бұлардың не? Мен қайда жүрмін, ол көлік қайда? Бәйтеректе тұратын үш баланың анасы ол көліктің дискісін қайттеді? Шамалы зерттеп алып барып шақырмадыңыздар ма?
– Саусақ іздері 99,9 пайыз дәл келеді.
– Сонда сіз мені...
– Жоқ, сізді ұры деп отырған жоқпын. Жұмысымыз осындай. Сіздің жауабыңызды тіркеуіміз керек.

Содан не керек, бір сағатқа жуық уақыт тергеушінің алдында өтті. Ол ұрылған қатысым жоғын, кешкі уақытта отбасымың жанында болатынымды жазып бердім. Күн сайын таксиге бірнеше рет отырамыз. Көліктің есігінде міндетті түрде саусақ іздеріміз қалады. Біз түсіп кеткен соң ол көлікте қандай оқиға орын аларын кім білсін? Сонда күдікті етіп осылай шақыра берме ме? Менің саусақ іздерім менің құпиям болуы керек емес пе? Санамда туындаған осы сұрақтарға жауап іздедім. Арнайы қызметтік хат жазып, жауап алдым.

«Қылмыс болған жерден алынатын қол саусақ іздері және оған жүргізілген зерттеулер қылмысты тергеу, ашу және мән-жайларды анықтау бағытында маңызды роль атқарады. Қылмыс орын алған жерден алынған қол іздері адамның қол іздерімен сәйкестік анықталып, ол тергеуге тартылған жағдайда және осыған байланысты күдік келтірілсе, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің баптарына сәйкес, кінәлі адам тергеуге жауап беруден бас тартуға және өзіне қатысты рәсімделген қандай да бір іс-материалдарына қол қоймауына құқығы бар. Бірақ бұл оны қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды, – дейді Қызылорда облыстық полиция департаментінің Жәдел-криминалистикалық басқармасының криминалисті полиция майоры Нұрбол Күдиров. Ал қылмысқа қатысы жоғы дәлелденсе, базадан өзінің саусақ іздері туралы мәліметті өшірте алады ма? деген сауалымызға, «Қызметтік ақпарат болғандықтан жариялануға жатпайды» деп жауап берді Нұрбол Алмасұлы.

Елімізде биыл «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң қабылданды. Адамдардың саусақ ізі мен биологиялық үлгілерді тапсыруға қатысты сұрақтарым тіпті көбейді. Ішкі істер министрлігі елдегі эпидемиологиялық жағдайдың қалыптасуына байланысты 2021 жылы басталуы тиіс азаматтардың саусақ іздерін тіркеуді 2023 жылға ауыстырған. Сіздерде сұрақтар туындады ма? Ішкі істер органдарындағы базада мен туралы мәліметтер қайдан жүр? Ішкі істер органдары саусақ іздерін қандай мақсатта пайдаланады? Міндетті тіркеуден бас тартса, жазалана ма? Биометриялық деректер қанша уақыт сақталады? Қазақстандықтар жаппай құжаттарын ауыстыруы керек пе? Жаңа заң нәтижесіндегі сұрақтардың жауабын ұсынғамыз.

САУСАҚ ІЗІН МІНДЕТТІ ТІРКЕУ ҚАЗАН БАСТАЛАДЫ

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң қолданысқа енеді. Заңда дактилоскопиялық, геномдық ақпаратты жинау, өңдеу және қорғау көзделген.

Дактилоскопия адам қолы терісінң папиллярлық бедерлерінің қасиеттері мен сипаттарын, саусақтардың ізін алу, бекіту, табу және оған сәйкестендіруді зерттейді. Яғни, саусақ ізінң кімдікі екенін анықтайды. Саусақтағы папиллярлық сызықтар ана құрсағында жатқан баланың бес айлығында пайда болып, өмір бойы өзгеріссіз сақталады. Әр адамның саусақ ізі әртүрлі.

ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ТІРКЕУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Папиллярлық өрнектердің электрондық коды Қазақстан азаматтарының биометриялық паспортында және жеке куәлігінде болады. Бұл соттардың, құқық қорғау органдарының, атқарушы өндірістік, тергеу, жауап алу органдарының сұрауы бойынша жеке басты растау немесе анықтау үшін, мемлекеттік шекараны кесіп өткен тұлғаларды сәйкестендіру, жеке адамның, қорған мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

16 жасқа толған:

– Қазақстан азаматының паспортын немесе жеке куәлігін алатын;

– ҚР теңізшісінің жеке куәлігін алатын Қазақстан азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар;

– Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар;

– Қазақстанда тұруға ықпярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін, Босқын куәлігін алуға немесе оны қалпына келтіруге, ауыстыруға өтініш жасаған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

– Қазақстанға үй шаруашылығында жұмыс істеуге келгендер;

– ҚР аумағынан тысқары шығаруға жататын не ҚР ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

– ҚР визаларын алу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар;

– Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстанның шекарасынан өткен кезде дактилоскопиялық тіркеуден өтуге міндеттелді.

12 жастан кіші балалар мұндай тіркеуден өтпейді. 12-16 жас аралығындағы балалар тәлқұжат алар кезде қалауы бойынша әлде ата-анасының немесе қамқоршысының келісімімен саусақ ізін тапсырады. Қолы жоқ мүгедек азаматтар дактилоскопиялық тіркеуден босатылады. Олардың паспортындағы биометриялық чипте электронды саусақ ізі туралы мәлімет болмайды.

Жоқ, құжаттарды 2021 жылдан бастап бірден өзгерту міндетті емес. Көрсетілген мерзімнің соңына дейін сол құжат жарай береді.

Саусақ таңбасы электрондық дактилоскопиялау жүйесін пайдалана отырып, бояусыз әдіспен алынады. Адам екі қолын дактилоскопиялық сканерге қояды. Мұндай техникалық мүмкіндіктер болмаса, қағаз тасымалдағыш – дактилоскопияға арнайы бояудың, валіктің немесе штемпельді жастықшаның көмегімен де саусақ ізі алынады. Барлық жинақталған қағаз тасымалдаушылардан дактилодандар цифрлық форматқа көшіріледі.

Саусақ таңбаларын жинау ішкі істер органдарының міндеті. Виза бері кезінде

бұл міндет Сыртқы істер министрлігінің шетелдік бөлімдеріне жүктеледі.

Барлық ақпарат шифрланған электронды түрде ІІМ қорғалған мәліметтер базасында және жеке басын куәландыратын құжаттың чіпінде сақталады. Ұлттық дактилоскопиялық базада саусақ ізі де, алақан да болады. Бірақ, құжатқа салынған чипте бас бармақтың ізі сақталады. Ішкі істер органдары дактилоскопиялық ақпаратты жинақтаумен және сақтаумен айналысады.

Заңға сәйкес, 2023 жылдан бастап берілетін биометриялық паспорт пен жеке

кодталған ақпараттары және дербес деректері. Биологиялық материал мен геномдық ақпаратты жинау, өңдеу, қорғау, адамның жеке басын анықтау немесе растау мақсатында геномдық тіркеу жүргізіледі.

Геномдық ақпарат: қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды ашу және тергеп-тексеру, қылмыс жасаған адамдарды анықтау және белгілеу;

хабарсыз кеткен қазақстандықтарды, Қазақстанда тұрақты тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды іздестіру;



куәлік чіпінде келесі деректер болады: аты-жөні; туған күні және жері; жынысы; ұлты (месінің қалауы бойынша); азаматтығы; фотосуреті;

қолдарының саусақтарының және алақандарының папиллярлық бедерлері құрылымының ерекшеліктері туралы ақпарат;

құжат берілген күні, нөмірі, қолданылу мерзімі;

қолтаңба; ЖСН (ол болған кезде); дактилоскопиялық тіркеуді жүргізу күні және негізі;

құжатты берген орган атауын; дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырған адамның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) қамтиды.

Жеке куәлігі немесе паспорты бар қазақстандықтардың қайтыс болу фактісі анықталғанға дейін, сот азаматты хабарсыз кеткен деп таныса немесе азаматты қайтыс болды деп жарияласа, Қазақстан азаматтығынан айырылса немесе одан шыққан жағдайда олардың мәліметтері жүз жасқа толғанға дейін сақталады.

Теңіш жеке куәлігі бар, сондай-ақ ҚР визаларын алған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, 12 жастан 16 жасқа дейінгі балалардың деректері тіркелген күнінен бастап 10 жыл сақталады. Дактилоскопиялық ақпарат сақталу мерзімдері өткен соң жойылады.

САУСАҚ ІЗІН ТАПСЫРУДАН БАС ТАРТСА

Бұл заңмен міндеттелетін болғандықтан бас тартқан жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Дактилоскопиялық тіркеуден өтуден бас тартқан қазақстандықтарға 2 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдар елден шығарылады. Сондай-ақ, жеке куәлік пен тәлқұжат берілмейді.

Геномдық ақпарат – адамның немесе танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін оның ДНҚ-сының белгілі бір фрагменттері туралы

танылмаған мәйіттердің жеке басын анықтау; іздестіріліп жатқан немесе анықталып жатқан адамдардың туыстық қатынастарын анықтау мақсатында пайдаланылады.

КІМДЕР МІНДЕТТІ ГЕНОМДЫҚ ТІРКЕУДЕН ӨТЕДІ

ДНҚ деректері міндетті түрде: қылмыстың жекегелеген түрлері үшін сотталғандардан;

тергеу әрекеттері барысында анықталмаған адамдардан;

танылмаған мәйіттерден алынады. Хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстары жазбаша келісіммен геномдық ақпаратты ерікті негізде бере алады.

Адамның биологиялық үлгілері бір реттік стерильденген тасымалдағыштарға алынады. Коллектормен буккалды тіндердің үлгілерін алу үшін ашу қуысының ішкі жағы бірнеше рет суртіледі.

сотталған адам геномдық тіркелген күннен бастап оның қайтыс болу фактісі анықталғаннан кейін 25 жыл өткенге дейін, ал оның қайтыс болғаны туралы мәліметтер болмаса немесе сот оны қайтыс болды деп жариялаған кезде ол 100 жасқа толған күнге дейін; тергеу әрекеттері барысында алынған геномдық ақпарат тіркелген күннен бастап 25 жыл; биологиялық туыстарының ақпаратты хабарсыз кеткен азаматтың жүрген жері анықталса немесе қылмыс құрамы болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін; танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауға дейін, бірақ геномдық тіркелген күнінен бастап 25 жыл сақталады.

Қазақстан азаматтары, шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар міндетті геномдық тіркеуден өтуден бас тартса 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Шартты түрде сотталған адамның геномдық тіркеуден өтуден жалтаруы Қылмыстық-атқару кодексінің 176-бабында көзделген шартты соттаудың күші жойылғанға дейінгі жауаптылыққа әкел соғады.

Әр адам қайталанбайтынын, жеке және ешкімнің көшірмесі емес екенін осы алақан іздері дәлелдейді. Саусақ іздері анасының құрсағында 18 аптада пайда болады. Дерматоглифтер саусақтардың қырлы өрнектерін зерттеумен айналысады. Тіпті саусақ іздерін өзгертуге талпынып тері ауыстырғандар да болыпты. Бірбір адамның өзінің жаратылысындағы іздері қайта қалпына келуді екен. Кезінде адам маймылдан жаратылды деп өді ғой. Маймылдардың алақан іздері бірдей. Саусақ ізі бар құжат 2004 жылдан бері АҚШ-та, 2007 жылдан бері Еуропа елдерінде қолданыла бастады. Паспорты беру кезінде дактилоскопиялық таңбаларды тіркеу жұмысы 2009 жылы Туркияда қолға алыныса, Қытайда толығымен аяқталған. Ресей 1998 жылы Дактилоскопиялық тіркеу туралы заңды, 2008 жылы Мемлекеттік геномдық тіркеу туралы заңды қабылдады. Осыған ұқсас заңдар Әзербайжан, Беларусь, Тәжікстан, Молдова, Өзбекстан, АҚШ, Ұлыбритания, Францияда қолданыста. Бұндай жүзден астам мемлекет биометриялық тіркеу бойынша ұлттық жобаларын енгізіп жатыр. Ал біздің елімізде дактилоскопиялық тіркеу жүргізетін мамандарды халықты әбдіттелес үшін арнайы оқыту керек секілді. Әйтпесе қылмысқа қатысың болмаса да саусақ іздеріне сақ болып жүруге тура келеді.

ӘЙНЕКТЕГІ КӨҢІЛ СӘУЛЕСІ

Адам өміріндегі ең бақытты шағы – ата-ананың жаңа жұлдыз жұлдызы. Дүниенің назары – ата-ананың мейір-шапағатында. Аның ыстық алақаны, екені мейірімді көзқарасы мен қамқорлығын қанша бала аңсап, терезеге телімірпін тұр... «Қолда бар алтынның қадірі жоқты» көрсетіндер де баршылық мына қоғамда... Қоғам қатал, адамдар сөзімізді қауымдас, адам ренжітеді... Алаш ардақтысы Әліхан Бөкейханның: «Бұл заманда жылпал мұратқа жетем деу – аш түйенің күйсеуі сынды дәрменсіздік» деген екен.

Керісінше, өзі балалар үшін тәрбиеленуші болса да, аш туга уйір анасынан бейнебей, үйіметтің берген ақшасына ешкімге білдірмей, ыстық тамағы мен шұғылын әперіп жүрген замандастарым да бар...

Баланың алақандай жүрегінде ата-ананың таудай орны болады. Біздің мейіріміміз

шынында да, терезенің арғы жағында... Айнаға қарасан – өзіңді көресің, терезеге қарасан – өмірді көресің. Терезе сынды дегенше, өмір тоқтады деп біле бер! Көңіл боса, жүрек жылы, жан егіл, Сәби солай күрсінеді және бір. Терезеге телімеді соншалық, Көзіне іліп, көрді ме екен оны өмір?!

Жол біткенін тандап алып ауырын, Құр босқа құрыспасын жауырын. Мейір іздеп мейірімсіз өмірден, Жылдамашы, жылдамашы, бауырым!

Таусыла ма тіршіліктің әуресі, Кірмей кеткен пенделерім мәңгі есі. Көрінбей-ау өкеумізден басқаға, Өйнектегі көңілдердің сәулесі.

Жамбыл БАҚЫТӨЛІ



Ірсіз нық, шұғылалы ертені, Желбірдейді татулықтың желіні. Тіріліңе жарастырған бірліңің, Қазақстан! Бұл – ырыстың мекені.

Сабақ алып өткен күннен сындарлы, Бағындырып келеді елім шындырды. Тәуелсіздік – баған қымбат халқыма, Ұмытпаймыз нәубет төнген жылдарды.

Сыр шертеді ұлы тарих беттері, Оған күе «Елім-айдың» жеткені. Аштық жайлап, сандалғанда қазағым Мұқалмаған рухы биік, текті еді!

«Қазағым» деп бәйгеге сап бастарын, Қорғанда өр намысты жастарын. Қыран болып алыптары Алаштың Нар тәуекел ұлы іске бастадың.

Орындалды арман болған ізгі ісін, Өздеріне орнатамын жыр-мұсін. Төребек пен Ғани, Ахмет, Мұстафа – Жас ұрпаққа нұрын шаққан үлгісің.

Тілім, дінім, дәстүр, салтым, жоралғы, Санамыздан жетпіс жылдай жоғалды. Қиғасы желтоқсанның қозғау сап, Ұлттық болмыс, бар тірегім орады.

Төрге шықты нақышы бар төл теңгем, Ұлы дауап ұлылықпен өркендер. Ата жұрға табан тіреп қандастар Туған жерге тағзым жасап, көркемдер.

Мирас болған мәдениетім, жыр-әнім, Рухани нәр алар көуісар бұлағым. Қазақ тілі – мәңгілік Ел тірегі, Үш тұяғыр тіл адастырмас шырағым.

Тәуелсіздік бабалардан аманат! Қойнауы – құт, халқы – дана, ғаламат! Қазақстан қарыштауда рухани Жаңғыру мен болашаққа бағдар ап.

Таси берсін асқар асу арнасы, Астанамыз – жетістіктер жалғасы. Берекелі, бейбіт құмыр кешкенім, Нұрсұлтандай Елбасының аржасы!

Жасай берсін, Қазақстан, елдігің! Сақтау парызы – байтақ тада кеңдің. Арман асқақ, бейбіт күнге қол созаң Тәуелсіз ел ұланымын мен бүгін!

Талап, білім – қос қанатқан самғаймын, Санамыздан жетпіс жылдай жоғалды. Отыз елдің қатарына қоспақпа, Аға ұрпақтың ізін ісін жалғаймын.

Оразкул ТЕМІРҒАЛИ

ТЕКСІЗДЕН ТЕКТІ ТУА МА?

Адам баласын құртатын – Ой емес, Ойсыздық шығар...

О.Бөкей

Жетпіс жыл боданында ұстап, «интернационал отбасы» идеологиясын күштеп таңған саясаттың салқыны әлі де басыпмай тұрған шақта «жанандану» жаңғырдың даусы тым қатты шыға келді. Соның салдарынан ұлт өртенді көбею алмай, рухымыздың алғұрине тап болдық. Өзге ұлтпен қан араластырып, өз тегіміздің құнарын жоғалта бастадық. Бұл – О.Бөкейдің «Атау кересінде» көрініс тапқан бүгінгі күннің де шындығы!

Ғалымдардың зерттеуіне мән берсек, адам бойындағы жақсы қасиеттер, әріресе, батырлық, намысқойлық, даналық тұқым қуалаушылық жолмен келеді екен. Ал тұқым қуалау қаның таз болуына, яғни текке байланысты болады. Дана халқымыз «Тексізден текті тұмайды», «Тегін білмеген теріс бағады», «Тексіздік төрге шығарма» деп бекер айтпаса керек-ті.

Елдің бәрине көмек қолын созуға дар, батыл, ақ сөйлеп, әділін тайсалмай айта алатын Қандауыр мен өз сүйегін үшін әулетіне қарсы шығып, мұсылман дінін қабылдап, өмірінің соңына дейін маңызын оқыған Нұра Фадеевнаның ұлы Ерік неге өте қатыс, дүниекеңі тасқын болды дейсің? Төсек тартып жатқан анасы мен көзінде сүйін алған жарына да жылы сөзі жоқ Еріктің бар ойлағаны неге өз қалауы? Бір кездесті жолдасы болған Тағанды кемсітіп, көк алғысы келген астамшылық мінез қайдан пайда болды? Мұсылман дінін қабылдаған Нұра Фадеева өлер алдында неге шоқынды?

Бұл сұрақтың жауабын аралап некеде тұрат баланың бойына ата-ананың жақсы қасиеттерінің дарымайтындығынан табымыз. Тіпті Еріктің өз кіндігіннен перзентің болмауы да көп мәселелен хабардар етсе керек.

Еріктің мұхиттың арғы жағынан алдырған ұлы арасынан келген ажалына



мойнысқан анасына қазақы отбасынан шаққан тәрбиелі Аянның атау кересін бергі, арулап, жер қойнына табыстау, жоқтау... шығарма барысындағы «Неге біз осы» деп басталатын философиялық толғамдардан отбасылық бақыты, шынайы қуанышты ешқандай ақшаға сатып ала алмайтындығымызға көз жеткіземіз. Альфа ұрпақтарына өз тегінің тұңғыш пайламауды осындай шығармалар арқылы үйрету міндетті. Мұсылман тек жекелеген адамдардың ғана емес, бүкіл ұлттың ажал алдындағы асына, яғни атау кересіне айналуы өлден мүмкін. Сол себепті перзентің парызын өтемеқ түглі, рухани тұтыр мен болмыстан құрдай Еріктіңді көбеюіне жол бермеуіміз керек.

Жания АРДАҚҰЙЫ

КӨҢІЛ СЫРЫ

Түн. Сағат 02:08. Балқоннан түнгі қаланың көрінісін қызық көріп, өткен-кеткен көліктердің дыбысына құлақ түріп, одан қалса жүйтілген пойыз көз алдынан өткен сайын ару қала Алматыны аңсап, күнді қорыңдылап жүргеніме бір айға жуық уақыт болды. Оқуға келгелі тапқан жаңа әдетім өзіме ерекше ұнайды. Жанымға жылылық сыйлап, өзімді тануға көбірек мүмкіндік береді. Ақыл мен жүрек бірлесіп іңше алмай жүрген оялар санада сайрап, қандай шешім қабылдарыңды білмей жүргенде деп осы жер – ойлануға да, ояға алуға да таптырмас мүмкіндік. Бір сәт көліктер де тынып, бір-бірімен «абаласқан» итердің де даусы шықпай қалды. Ғажал! Тыныштық! Жанға жайлылық! Бұрын-соңды тыныштықты мұнша ұнатамын деп ойлаған емеспін. Бұл өмірде тыныштықтан асқан сұлулықтың жоқ екенін мойындадым.

Қаланың жар-жүрек өткен шағдары қанша мың бопуға болса да маған ұнамай, көңілім ауылды аңсап тұратын. Қалада тұратын адамдарды мүлде түсінбейтін кезім де болған. Төрт қабырғаға қамалып, күнінің жартысы кептелісте өтетін жерде қалай шығамдары жетеді? Алайда, өзім де қазір сол тіршілікке үйреніскендеймін. Ауылға жиі баруға да қойдым. Бұрын қалаға кеткен аға-әкелерім айдап, жылдап көлмейтін кездерде қалай сағынбайды деп таңғалатынмын. Сөйтсем, жаңа ортаға сіңісіп, қауырты жұмысқа орналасқан соң мүмкіндіктері бола да бермейді екен ғой. Болған күннің өзінде, кейбір тордан шыққан торғайдай күйге енетін болар. Қайтанда көліп сол торына оралсаң көлменен қанша тусылауыңн жып, ақыры сол ауылға бозбала бойжеткеннің қолынан ұстап оралатын. Ал қыздар жағы өз артынан «кешірім» деген жаңа тусықандарын жіберетінін талай рет құлақ естіп, көз көрген. Отбасына жаңа мүше қосылғанына әке мен шеше бір қуанса, шаңырақтарынан айналасына шұғын шаққан көлменен өзге үйге барғанын естіп көздерінің жасын бір сығып алатын. Осылайша, өмір өзінің алыс-берістен тұратынын тағы бір еске салатын...

«Ауылда қыз арманы – қала көру» дей ме, Балғынбек?! Бірақ бұл маған арналмаған сөкілді. Себебі, ауылда өсем де Қызылордаға көруге онша



қуштарлық болмағаны өтірік емес. Есесіне, Қызылордаға құмартпасаң да, Алматыға деген махаббатым ерекше. «Арман қалада» оқу арманы болғаныммен, әзірше көздегіміз жете алмаймыз. Бірақ миллионер қалаға барып, бітім-болымысы өзгерген кей танымстарыма көз салсам, менің туған қалама қалағым да дұрыс болған сияқты. «Ақылға ақыл толысқан шақта барып қызмет жасасам да үлгіремің ғой» деп өз-өзімді жұбататын.

Дәл осылай әр ойдың басын бір шалып, өткенді бір, болашақты бір ойлап тұра беру сүйікті әдетіме айналды. Тұрған жерімде қиялдап, арман-мақсаттарымыз оша жүзеге асырып, сүйікті ақындарымыздың тандаулы өлеңдерін дауыстап оқып бірнеше сағатымды өткізуге бармын. Тек кей кездері Сырдың ұйытқыған «Бранд» желі жоспарларымыздың құлпаршасын шығаратыны бар...

Жания ТӨРЕБЕКОВА

БАРДЫ БАҒАЛАУ

Біз түп негізінде жақсы жазылған кітаптарға бағыныштымыз. Кітап – сана, кітап – ақыл, кітап – тарих, кітап – ар, кітап – тәрбие, кітап – жан... Біз осының бәрін алыстаған, баз кешкен, талақ қылған, ойран-топырын шығарған, шаң тозаң қаптаған ғаріп ғасырда өмір сүріп келеміз-ау.

С.Мұратбектің «Жусан иісі» шығармасын алғаш оқығанда еріксіз көз жасыма ерік бердім. Аянда адым, қатыгездікке налыдым. Өйткені, біреуге жәутендеп өмір сүрудің оңай еместігін мен кітаптардан ғана емес өмір сабақтарынан да білем... Жо-жоқ, шағым айту ойдама да жоқ. Шүір деймін, тәубе деймін... Аятар Абай бейнесі артылы сағыныш, қиыншылық, өкініш, намыс, тұрмыс тауқыметі, достық, кешірім, бекзаттық бәрімізге ортақ дүние екенін айтады. Талай қаламгер ат ізін салған соғыстан кейінгі ауыл өмірін тілге тиек етіп, өзіндік ерекше мазмұнға ие, дара келбет, жем сыйдар, бөлшек болмысы бар бейнелен таныстырады.

«Андай жерде: шолпақ жән ақ жейде, тізеден жоғары қысқа қара шалбар иген, келіп шашы бар, мұңтаздай таза бір бала тұр екен. Біз қараған кезде ол өзінше әлденқандай боп кейіпін, екі қолын қалтасына сап шіреніп қойды» – барлық жанға танысқан балалардың басынан өтетін оқиға – бір-біріне үйренгенше сыйақ қарау.

Шығармадағы Аянның жан дүниесіндегі толғансыз-толқулары «ағам келген соң бәрі арта қалады» деген үміті, сағынғанда кімім інісеуі, кейліктер келбеті көбіне-көп ой ағыны мен сөйлеген сөзі арқылы жеткізуге ден қояы қандай керемет, қандай нанымды?! Қиналған сәтінде, Тұржанның озбырлығын көргенде «ағам келсін!» деп кінәні, ешкімге көрсетпей қораның түңіріне кіріп, солқылдап жылпайтын намысшылығын... Өзге балаларға ұқсамайтын



ерекшелігі – ойдан өртегі құрап айта алуы, өртегі тыңдаған балалардың санасында жарқылдай ұмтылу сезінін туындатуы... Кім білсін, автор бейнеңдай Аяна деген борыштарлық сезім, шаңырақ бермегеніне деген бала өкініші арқылы, өзінді өзін кешіре алмайтын үлкен өкінішті қайтаңдығын айтырсы келген болар.

Сол Аян сияқты соғыс зардабын тартпасаң да, көктен өзіме қолдау көрсететін анама деген сағынышымды ешнәрсемен баса алмаймын! Иә, мен Аян сияқты өзгені шаңырақ кез сатып тұрмадым. Тұржан сияқты қатыгездіктің таяғын жемедім. Ол үшін анамын орнын жоқтатпауға тырысып жүрген қазіргі анама – мың алғыс! Мен «Жусан иісі» повесінен барды бағалауды үйрендім.

Аружан ӨЛІМЖАН

ФУТБОЛШЫЛАР “АЙБЫНДЫ” АЗАМАТТЫ ЕСКЕ АЛДЫ



«Евразия» спорт кешенінде шағын футболдан табиғат қорғау саласында қызмет атқарып жүріп, өрлікпен қаза тапқан Әділ Кенжеғұловты еске алуға арналған облыстық турнир өтті. Жарысқа сегіз команда қатысты.

Турнирдің ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет ардақты азамат жайында жылы лебізін білдірді. Әділ Кенжеғұлов полиция және табиғат қорғау саласында жемісті еңбек етті. Қай қызметінде де өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, абырой биігінен көрінді. Қоршаған орта байлығын қорғау барысында екі жыл бұрын 25 қазанда кенеттен көз жұмған болатын. Еріксіз өлісін көрсеткен азамат Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен үшінші дәрежелі «Айбын» орденіне лайық деп танылды.

Турнир биыл алғаш мәрте жалауын көтерді. Алдағы уақытта республикалық деңгейге көтеру ойластырылып отыр. Турнирдің өткізілуіне ауылдастары мен достары қаржылай қолдау көрсетті. Ә.Кенжеғұловпен мектепте бір сыныпта оқыған белгілі айттыс ақыны Мұхтар Ниязов алдағы уақытта турнирге демеушілер тартуға назар

аударылатынын жеткізді.

Турнирде «ADAM» командасы бірінші орын алды. Одан кейінгі орындарды КТЭК және «Абай-Дәулет» командалары бөлісті. Оларға 100-200 мың теңге аралығында қаржылай сыйақы берілді.

Сондай-ақ турнирде қағашы Диас Уәлихан, қорғаушы Нұржаубай Бостанов, шабуылшы Досымхан Қуаныш, Мұхтар Кәшай және Нұрдаулет Берібайұлы үздіктер сапынан табылды.

Бокстан Сербия астанасы Белград қаласында өтетін әлем чемпионатына қатысатын қазақстандық былғары қолғап шеберлері белгілі болды. Аталған дүниежүзілік біріншілік 25 қазан мен 8 қараша аралығына жоспарланған.

БАЛҚАН ТҮБЕГІНДЕ БАҚ СЫНАЙТЫН БОКСШЫЛАР



Қазақстан құрамасынан әлем чемпионатына 13 былғары қолғап шебері қатысады. Олар:

48 келі: Теміртас Жүсіпов
51 келі: Сәкен Бибосынов
54 келі: Сабырхан Махмұт
57 келі: Серік Теміржанов
60 келі: Санатәлі Төлтаев
63.5 келі: Саматәлі Төлтаев

67 келі: Абылайхан Жүсіпов
71 келі: Асланбек Шымбергенов
75 келі: Нұржанат Райыс
80 келі: Нұрбек Оралбай
86 келі: Бек Нұрмағанбет
92 келі: Айбек Оралбай
91 келден жоғары салмақ дәрежесі: Нұрлан Сапарбай

Әуесқой бокстан әлем чемпионы Бекзат Нұрдәулетов Токио Олимпиадасынан кейін батыл шешім қабылдап, бас бапкерімен бірге кәсіпқой боксқа ауысуға бел байлады. Марат Жақиевтен тәлім алатын былғары қолғап шебері өзінің жаңа шешіміне байланысты пікір білдірді.

КАРАТЭДЕН ЕЛ БІРІНШІЛІГІ АЯҚТАЛДЫ



Ақтауда каратэден ересектер арасындағы ел чемпионаты өтті. Турнирге еліміздің 13 облысынан 25 спортшы қатысты.

Командалық ката бойынша әйелдер арасындағы бәсекеде Батыс Қазақстан облысы топ жарды. Жекелей сында Лия Кошарбаева үздік шықты. Ерлер арасында Қызылорда

облысы көш бастаса, жекелей сында Түркістан облысының өкілі Мәди Қатешов жеңіске жетті. Чемпионатта Азия ойындарының жеңімпаздары Андрей Ақтауов (55 келі) пен Гузалия

Гафурова (68 келі) өз салмақтарында топ жарды. Токио Олимпиадасында сәтсіздікке ұшыраған Мәлдір Жанбырбай 55 келіде, Нұржанат Әжіқанов 75 келіде жеңімпаз атанды.

Жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынды Маңғыстау облысының иеленді. Екінші орында Түркістан, үшінші орында Қызылорда облысы жайғасқан.

БЕКЗАТ КӘСІПҚОЙ БОКСҚА АУЫСТЫ



— Олимпиада алдында кәсіпқой бокста екі рет кездесу өткіздім. Карантин кезінде ұзақ уақыт бойы жарыс өтпегендіктен өзімді сынау үшін шыққан едім. Жалпы Токио Олимпиадасына дейінгі бар ойым тек осы дода болды. Одан кейін өзіме келген соң кәсіпқой боксқа ауысу туралы шешімге келдім. Бапкерімен ақылдасып, кенесе келе қабылдаған шешім осы. Алда әуесқой бокста ұлттық құрамадан

жақсы ұсыныстар болса, ойлануға болады. Елімізге еңбегі сіңген бапкер Марат Жақиевпен бірлесіп жаттығамын. Қай бағытта болмасын жеке бапкерімен айтулы жеңістерге жетемін деген сенімдемін. Дегенмен жылдың соңына дейін ұлттық құраманың мүшесімін. Одан кейін федерация басшылары, бапкерлермен сөйлесеміз. Өрі әуесқой бокста өнер көрсету туралы бір жақты шешімге келеміз деген

ойдамын. Ал кәсіпқой боксқа келсем, мұнда он бес жекпе-жекке дейін шыққанша әуесқой құрама сапында өнер көрсетуге мүмкіндік бар. Алда үш жекпе-жекте құрлықтың чемпион деген белдіктің біріне қол жеткізу — басты мақсатым. Жанқуырлерді қуанып, одан да биікке шығу жоспарда бар. Федерация бокстың отаны — АҚШ! Сол жаққа барып, бокстың биігіне шықсам деген ойдамын, — деді Бекзат Нұрдәулетов.

ҚҰРАМА БАПКЕРІ ҚЫЗМЕТІН БОСАТТЫ

Ауыр атлетикадан Қазақстан ұлттық құрамасында бірнеше мәселенің беті ашылғаннан кейін бас бапкер Бақыт Ахметов қызметінен босатылды.



ҚР Ауыр атлетика федерациясының мәліметінше, бұл шешім Алматы қаласында ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова мен Қазақстанның Ауыр атлетика федерациясы басшылығының

ұлттық құраманың жаттықтырушылар штабына қатысты атлеттер мен жаттықтырушылардан түскен шағындарды қарау қорытындысы бойынша қабылданды. «Федерация ҚР Ұлттық Олимпиада комитетімен бірлесіп алдағы ауыр

атлетикадан Қазақстан Республикасының чемпионаты кезінде ұлттық құрама командасының жаттықтырушылар штабына үміткерлерді іріктеуді осы мақсаттар үшін әзірленген критерийлер негізінде жүргізуге ниетті», — делінген ресми хабарламада.

Футзалдан 2022 жылы Нидерландыда өтетін Еуропа чемпионатының жеробесі тартылды. Қазақстан құрамасы жеробеге сәйкес В тобына түсті.

ЖЕРЕБЕ ЖОЛДАС БОЛДЫ МА?



Қазақстан бұл топта Италия, Словения, Финляндия құрамаларымен кездеседі.

Ойындар кестесі:

20.01.2022 жыл. Гронинген қаласы
Қазақстан – Словения
24.01.2022 жыл. Гронинген қаласы

Финляндия – Қазақстан
28.01.2022 жыл. Амстердам қаласы
Қазақстан – Италия.
Еуропа чемпионаты 2022 жылдың 19 қаңтары мен 6 ақпан аралығында өтеді. Алғаш рет құрлық біріншілігіне 16 команда қатысады. Қазақстан 2016 жылы қола жүде иеленген.



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Айжан ШАКИЕВА,
Ө.Тәжібаев атындағы облыстық өмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері:



Өбділда Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық өмбебап ғылыми кітапханасы – аймақтағы ең ірі кітапхана. Облыстағы қалалық және аудандық кітапханалардың әдістемелік орталығы. Жаңа жобалары мол мекемеде Тәуелсіздіктің төл құрдастары да қызмет етеді. Соның бірі Айжан Қадырханқызымен осы аптада ой бөлісіп, аз-кем сұхбаттастық.

ОТЫЗ ЖЫЛДА ОҢ ӨЗГЕРІС КӨП

– Быыл қазақ елі үшін маңызды жыл қарсаңында әр сала кешегі мен бүгінгі салаларда. Осы орайда Тәуелсіздік жылдарындағы кітапхананың ең үлкен жетістігі деп нені айтар едіңіз?

– Иә, елдің Тәуелсіздікке қол жеткізуі барлық салаға ерекше серпін, жаңа дем берді. Өздерің білесіздер, 2009 жылы Ө.Тәжібаев атындағы облыстық өмбебап ғылыми кітапханасы 400 мың дана кітап қорын сақтауға арналған типтік жобадан салынған жаңа ғимаратқа көшті. Қазіргі таңда кітапхана 32000-нан астам оқырманға қызмет көрсетеді. Кітап қоры 413 850 басылымды құрайды. Қордың құрамына кітаптар, мерзімді басылымдар, аудиокітаптар, электрондық басылымдар, ноталық басылымдар кіреді. Сирек кітаптар топтамасы қордың ерекше құндылығы болып табылады. Қорда 632 дана сирек және құнды басылымдар бар. Кітапханада коворкинг орталық, АРТ-студия, «Шаньрақ» интеллект-орталық, «Парасат жолы» орталығы және «BOOK SAFE» бар. Өрі мұнда «Жауқазын-ғұмыр», «Рауан», «English club», «Кездесу» клубтары жұмыс жасайды. Сол жылы 25 қарашада Сыр еліне жұмыс сапарымен келген Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада болып, зиялы қауым өкілдерімен жеке жастармен кездесті. Елбасы жиналған жұртшылықпен кездесу кезінде Т.Ізтілеуовтың ұрпағы Несербек Тұрмағанбетов Елбасына Тұрмағанбеттің «Шахнамасының» қолжазба түпнұсқасы мен жаңадан басылып шыққан екі томын тарту етті. Ұлт көшбасшысы осынау аса құнды тарихи қолжазбаны мұражайға табыс ететінін жеткізді.

Сондай-ақ бірнеше жыл бұрын Қазақстанның Халық жазушысы, драматург, қорғам қайраткері Қалтай Мұхамеджановтың жеке кітапханасы және Мұхаметқали сыйлықтың лауреаты, көрнекті ақын-драматург, әдебиет зерттеушісі Өбділда Тәжібаевтің ескерткіш-биості ашылды. Кітапханадағы осындай ой өзгерістер ордалы отыз жылдың жемісі деп ойлаймын.

– Соғиы уақытта кітапхана қоры қандай жаңа дүниелермен толықты?

– Қазіргі таңда кітапхана қоры жастардың жиі сұранысына ие Луиза Хей, Куаныш Шонбай, Джон Кахо, Мырзагелді Кемел

сынды авторлар кітаптарымен. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында жарық көрген «100 жаңа оқулық», түрлі сала бойынша «Өрбір адам оқуға тиіс 10 кітап», әлем халықтарының әдебиеті, өнері, тарихы, фәлсафасы жинақталған «Менің 100 кітабым», «Дала фольклорының антологиясы» және оқырмандардың сұранысы бойынша келіп түскен жаңа көркем әдеби кітаптармен толықтырылды.

– Быыл барлық салада түрлі ауқымды іс-шаралар қолға алынды. Кітапханадағы Тәуелсіздік тақырыбында ұйымдастырылған тың бастамалар жайында кеңірек ой бөлсеңіз...

– Кітапхана – көркем әдебиет пен өнерді, мәдениетті бір арнаға тоғыстырған орта. Сол үшін оқырманға апта сайын жаңа жобалар ұсынып, Тәуелсіздік тақырыбын жиі насихаттаудамыз. Елбасы Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік белестері» кітабы бойынша тарихи-таным сағаты, «Қазақ шежіресі» тарихшылардың қатысуымен дөңгелек үстел, «Кітап – сарқылмас рухани қазына» Мемлекеттік қызметкерлер арасында оқу марафоны ұйымдастырылды. «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 кітап» акциясы аясында Т.Сәукетайдың «Желқайық» кітабына және Ж.Нәжімеденовтың «Менің Қазақстаным» кітабын тағдау, балалар жазушысы М.Қабанбайдың «Жиһанкез Тити» әңгімесі бойынша кітапқа шолу жасалды. Бұл – Тәуелсіздік тақырыбындағы жобалардың бір парасы ғана.

– «Тәуелсіздік – Таңірдің тартуы» деп жиі айтамыз. Осы тұста өзіңіздің ұлт мекесі жайында жылы лебізіңізді білдірсеңіз...

– Газет оқырмандарын барша арманымыздың асқары, бақытымыздың бастауы болған мерекеміз – Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдіміз енесіміз болсын! Баршаныңа зор денсаулық, шаңырақтарыңызға бақ пен береке, еңбектеріңізге толағай табыс тіпеймін!
– Сұхбатыңызға рақмет!

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

ЖАСТАР ЖАРАП ТҰР!



Грецияның Салоники қаласында өткен самбодан жастар мен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында жерлессіз Ақтөгі Зарип күміс медаль жеңіп алды.

14-18 қазан аралығында ұйымдастырылған тартысты додана 30-дан аса елдің спортшылары бақ сынаған болатын. Қорық ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Ақтөгі Зарип 59 кг салмақ дәрежесі бойынша сығна түсті.

– Әлем чемпионатына әр елдің үздік деген спортшылары жиылады. Жарылыс финалда французлық спортшымен жеке-жеке шығып, 8-0 есебімен жеңіске жеттім. Ал ақтық

кездесуде украиналық қызға есе жібердім. Алда талай байрақты бәсекелер күтіп тұр. Сондықтан елімді әлі талай жеңістеріммен қатары үшін аянып қалмаймын, – деді спортшы.

Бүгінде оқу орнында аймақтың ғана емес, тұтас елдің намысын қорғап жүрген студенттер қатары артып келеді. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама командасына университеттің 33 студенті қабылданған.

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫ КҮТЕМІЗ!

Темірбек Жүргенов атындағы облыстық жас ғалымдар байқауы



Қызылорда облыстық «Ақмешіт жастары» газеті Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай жас ғалымдар арасында Темірбек Жүргенов атындағы сыйлық үшін «Ғылым жолында» атты байқау жариялайды.

Жалпы ережелер

Байқаудың мақсаты мен міндеті:
– Жас ғалымдарды ынталандару, шығармашыл жастарды насихаттау;

Байқаудың талаптары:

- Байқауға 18-35 жас аралығындағы жас ғалымдар қатыса алады.
- Байқауға ұсынылған материалдар көрі қайтарылмайды.
- Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі, мерзімі:
- Байқауға қатысушы үміткер өзі туралы қысқаша мәліметті және еркін тақырыпта жазылған ғылыми мақаласын aqmeshit.jastary@gmail.com поштасына жолдауы қажет немесе төменде көрсетілген редакция мекен-жайына қалдыруына болады. Байқау материалдарын қабылдау 1 қарашаға дейін жалғасады.
- Ғалымдардың жұмысын бағалау және жеңімпазды анықтау үшін кеңес құрылады.

Редакцияның мекен-жайы:

120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
Байланыс телефондары: 8 (7242) 40-11-10

JULDYZ - JORAMAL

(21 – 28 қазан)

<p>Тоқты Білімді, тәжірибесі мол таныстарымен қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз. Сонда жетістік баспалдағымен көтерілу мүмкіндігі туады. Өрпілестер арасындағы абыройыңызға да жақсы өсеріңіз тигізеді. Өзінгізе сенімді болсаңыз, осы аптада біршама биікті бағындырасыз.</p>	<p>Таразы Ойға алған шаруаларды жүзеге асыруға бағыл кірісіңіз! Бұл жолда өріпестерден көмек сұрап, қол ұшын созғандарды көріптемеңіз. Осық-аянға ман бермеңіз. Сапарлырмен қатге қадам жасасаныз, зардабы өзіңгізе тиеді.</p>
<p>Торпақ Дәп қазір сізге ең көреп – бойыңызды босанстырып, тынығу. Жеке емдеме орын алатын кез келген тосынсығға іштей дайын жүріңіз. Егер ол жайысыз болса, еш мойымаңыз, келесі кезек тамаша тосынсығға келеткен жақсы идеялар туындайды. Жалқаулықтан арылып, идеяларыңызды жүзеге асыруға талпынсаңыз, табыс пен нәтижеге жетесіз.</p>	<p>Сарышан Бұл аптада табиғат аясында сейіл құрып, сапарға шықсаңыз, сәттілікке кезігесіз. Шығыны да аз болады. Құтсына табыс түскелі тұр. Қолыңызға тиссе, өзіңіз бен жақындарыңызды қуантуға жұмсаңыз. Бұл сізге позитив пен жағымды әсерлер береді, адамдармен қарым-қатынасыңызды жақсаруына септігі тигізеді.</p>
<p>Егіз Алдағы аптада кез келген жағдайда барынша сабырлықпен сақтауға тырысыңыз. Сізді араңдатқысы келген, сол арқылы абыройыңызға нұқсан келтіруді қалайтындардың құрығына ілінбеңіз. Бұл аптада өшіммен қарыз сұрмаңыз, ешкімге қарыз бермеңіз.</p>	<p>Мерген Сәтсіздіктер кезеңі артта қалды. Қай істі қолға аласыңыз да, сәттілікпен күнғарай. Дәп осы уақытты тиімді пайдаланып, шығармашылықпен айналысыңыз. Жаңа нәрсені үйреніп, таным көкейіңізді кенейтіп, жаңа қырыңызды ашуға талпыныңыз.</p>
<p>Шаян Бірнәрсені келе жатқан шилеленіскен мәселенің бір ұшығы қолыңызға ілігеді. Сәтін жіберіп алмаңыз. Сол ұштан «тартып» қалсаңыз, кәптілген түйіндеріңізді Көптен күткен қаржы қалтасыңа түседі.</p>	<p>Тауешкі Жаның салып, асқан қызыушылықпен жұмыс істеуге әдеттенгендер үшін сәтті апта. Жетістік пен мол табысқа кенелу мүмкіндігі жоғары. Басталған істі соңына жеткізуге және ұзақ мерзімді жоспар құруға қолайлы сәт. Көптеген жағымды таныстықпен қызықты шаралар күтіп тұр.</p>
<p>Арыстан Айналарыңа тыныштық орнатыңыз. Себебі, бұл аптада сізге жұмсалған құттық орын толтыру қажет. Мүмкін болса, мойныңызға көп міндет алмаңыз. Біреумен ренжисеңіз, таттұсуга алғашқы қадамды өзіңіз жасасыз.</p>	<p>Сұқүйгіш Белсенді болыңыз. Бұл аптада алға қойған мақсатқа жетуге еңбек етіңіз. Бойыңызда тың күш пайда болады. Ал егер апталық демалысты тиімді пайдаланыңыз келсе, аздап босанып, еркінсуге рұқсат. Мұндай жағдайда бар уақытты жеке өмірге, отбасына арнаңыз.</p>
<p>Бикеш Бірнеше істі мойыңға қатар іліп алмаңыз. Өзіңіз үшін ең маңыздысы анықтап, сонымен ғана жұмыс істеніз. Қызметтеп белсенділік – бұл мақтауға тұрарлық дүние. Дегенмен, денсаулық бөрінен маңызды. Сондықтан шаруаларды аздап кідрітіп, денсаулығыңызға мән беріңіз. Жаңа жоспарлар құрамын деп, бұрынғы аяқсыз қалған шаруаңызды естен шығармаңыз.</p>	<p>Балық Сіз үшін ең жайлы апта болғары тұр. Түйсіңізді көбірек тындаңыз. Ол сізге кімнің дос, кімнің дұшпан екенін айтып білдіреді. Қосымша табыс табу үшін барыңызды салыңыз. Кәсіби біліктілігіңізді арттыру жолында жұмыс жасаныз. Алыс жерден қуанышты хабар келуі мүмкін.</p>

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г нүсбелі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИССО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

<p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРАБАЕВ</p>	<p>Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасы білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.</p>
<p>Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10</p>	<p>Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz</p>
<p>БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ</p>	<p>Таралымы: 8517 Тапсырыс: 1536</p>